

Анықтама

Ашық тәрбие сағатының тақырыбы: Сен өз құқығыңды білесің бе?

Тәрбие сағаттың мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру;

Құқықтық білімдерін толықтыру;

Адамгершілік ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру.

Сен өз құқығыңды білесің бе? тақырыбы негізінде ақпанның он төртінші жұлдызында 7 «В» сыныбында ашық тәрбие сағаты сабақ өткізілді. Ашық тәрбие сағаты оқушылармен амандасып, I-топ:«Бейбітшілік», II-топ:«Заңгерлер», III-топ:«Ақиқат» топтарына бөлінумен басталды. Оқушылар құқық деген сөзді қалай түсінетіндігі және қандай құқықтары бар екені жайлы талқылау жүргізіліп, оқушыларға презентация және видеороликтер арқылы толығырақ ақпарат берілді.

Оқушылардың сындық ойлау дағдысын дамыту үшін түрлі жағдаяттар беріліп, оқушылар өздерінің бұл жағдайлар орын алған кезде өздерін қалай ұстайтындығы туралы айтылды. Сонымен қатар, топтық жұмыс жүргізілді. Әр топқа түрлі тапсырмалар берілді, 1 топқа – сәйкестендіру, 2 топқа – мақалды жалғастыру, 3 топқа - «Құқық» тақырыбына өлең құрастыру тапсырмалары беріліп, оқушылар топта белсен қатысып, жаңа білім үйренді. Оқушылар жылдамдыққа сұрақтарға жауап беріп, пікірталас жүргізді.

Сергіту сәтіне Мен таптым» әдісі қолданылды. Оқушылар дөңгелене отырып, кезекпен бірден жетіге дейін санап, жеті санын айтатын адам «Жеті» деудің орнына, орнынан тұрып, «Мен таптым» деп айтуы керек кім жаңылысса, сол ойыннан шығады. Жалпы сабақ қорытындыланып, оқушылар не үйренгендігі жайлы кері байланыс жасады. Сабақ өз мақсатына жетті.

Сынып жетекші: Оңғарбек Аружан

